

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені

ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы



Б/С «Дин-Асыл» 6/6
М.Оразбаева
«13» 2025жж

Ұйымдастырылған ашық есік күні

Біртұтас тәрбие бағдарламасы

Тақырыбы:

« Қазақ халқының ұлттық киімдері»

Ересек: «Бүлдіршін» тобы

Тәрбиеші: Шокирова Н



2024-2025 жж.

Тақырыбы: Қазақ халқының ұлттық киімдері

Мақсаты: Балаларды қазақ халқының ұлттық киім түрлерімен таныстыру, ұлттық құндылықтарға қызығушылығын арттыру. Ата-аналарды балабақшадағы оқу-тәрбие үдерісімен таныстыру, педагог пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Міндеттері:

Ұлттық киім атауларын үйрету (шапан, камзол, тақия, сәукеле)
Қазақша сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру
Ұқыптылыққа, ұлттық мәдениетті құрметтеуге тәрбиелеу
Ата-аналармен кері байланыс орнату

Көрнекіліктер:

Ұлттық киімдердің суреттері, қуыршақ, ұлттық бас киімдер, интерактивті тақта (болса)

Оқу қызметінің барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Тәрбиеші:

- Балалар, бәріміз шеңберге тұрып, бір-бірімізге күлімдейік.
- Қазақша амандасайық.

Балалар:

- Сәлеметсіз бе!

2. Кіріспе әңгіме

- – Құрметті ата-аналар! Бүгінгі Ашық есік күніне қош келдіңіздер. Сіздер біздің балаларымыздың ұйымдастырылған оқу қызметіне куә боласыздар.

- Балалар, сендер қазақ халқын білесіңдер ме?
 - Қазақ халқының өзіне тән не бар?
- Тәрбиеші ұлттық киім суреттерін көрсетеді.

3. Негізгі бөлім

Сөздік жұмыс:

Шапан, камзол, тақия, сәукеле

- Бұл не? (шапан)
- Шапанды кім киеді? (ер адам)
- Ал бұл қандай киім? (камзол)

Ойын: “Киімді тап”

Балаларға суреттер таратылады, тәрбиеші атауын айтады, бала көрсетеді.

4. Ата-аналармен пікір алмасу.

Сұрақ жауап, ұсыныстар.

Сергіту сәті

Шапан киіп атадай,
Камзол киіп ападай,
Тақия киіп әдемі,

Болайық біз сәнді де!

5. Бекіту

– Қандай ұлттық киімдерді білдік?


– Қайсысы саған ұнады?

Балалардың жауаптарын тыңдау.

6. Қорытынды

Балаларды мадақтау.

– Қазақтың ұлттық киімдері – әдемі, сәнді, қымбат мұра.



Мексепіңі. Дәрік.



Бекітемін:
ҚШС «Дин-Асыл» бөбекжай
балалар шағын жетілдіру орталығы
жетекшісі
Н.Оразбаева
«4»10.2024ж

Ашық сабақтың мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін оята отырып, елжандылыққа тәрбиелеу. Патриоттық сезімін ояту. **Қазақстанның** келешегі өздері екеніне көз жеткізу.

Ашық сабақтың көрнекілігі: Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың суреті, мемлекеттік рәміздер, әнұранның фонограммасы, слайд .

Ашық сабақтың Әдіс-тәсілі: Түсіндіру , сұрақ-жауап

Шаттық шеңбер:

Амансын ба, көк аспан!
Амансын ба, жер-ана!
Амансын ба, достарым!
Сендерді көрсем қуанам.
-Арайлаған танды сүйетін кім?
-Мен.
-Алтын сәулені сүйетін кім?
-Мен.
- Жарқын даланы сүйетін кім?
- Мен.
- Туған жерді сүйетін кім?
- Мен.
- Ата-ананы сүйетін кім?
- Мен.
- Досын сүйетін кім?
- Мен.
- Еліміздің болашағы кімдер?
- Біздер.

- Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет. Еліміз тәуелсіздікті 1991 жылы алды. Қазақстан мемлекеті өз егемендігін алған соң 30-тамызда 1995 жылы өз Ата Занымыз қабылданды. 30 тамыз – мемлекеттік мереке Конституция күні деп аталды. Еліміздің тәуелсіздігін дәлелдейтін өз рәміздері бар.



Мемлекеттің барлық азаматтары-үлкендерде, балалар да-мемлекеттік рәміздерді, олардың символикаларын білуі және түсінуі тиіс. Өз еліңнің Туын, Елтанбасын және Өнұранның құрметтеу-өз Отаныңды құрметтеу және сыйлау.



- Балалар, біз қай елде, Республикада тұрамыз?
 - Қазақстан Республикасында тұрамыз.
 - Қазақстанның елордасы қай қала?
 - Астана.
 - Елбасымыз кім?
 - Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.
 - Біз Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз бе?
 - Иә. Олар: Өнұран ,Ту, Елтанба.
- Дұрыс, балалар сендер рәміздер туралы тақпақтар білесіндер ме?

АТА ЗАҢ –



ел
ынтымақтастығының
ұйытқысы!

Раяна: Қатар шапқан қос тұлпар,
Ай үстінде Қазақ үй.
Қалықтаған жас сұңқар.
Шарықтаған таза күй.
Бұл танбасы елімнің,
Елдігімнің белгісі.

Хан Султан: Отан туы желбіреп,
Көз тартады құбыла.
Біз қараймыз елжіреп,
Туған жердің туына.

: Әнұраным-жан ұраным,
Айтар әнім,сөйлер сөзім.
Туған жерім сағынарым,
Мәңгі-бақи шырқалады,
Республика әнұраны.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалады.

Сергіту сәті:
Көтеріліп шанырақ,
Уықтары шаншылар.
Керегелер керіліп,
Өрімдей боп өрілер,
Бәріміз жүрсек айналып,

Киіз үй боп көрінер.

Тәрбиеші: **Конституция күні** баршамызға құтты болсын! Еңсесін асқақтатқан Қазақстанымыз жайнап, гүлдене берсін дей отырып «**Конституция күні**» атты тақырыптық сабақты аяқтау.

Мексеріңді. Әсіпек.

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені

ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы



Тәуелсіздік күні

«Көгершін» тобы

Тәрбиеші: Ақбаева Б.



2024-2025 ж

Тәуелсіздік күні!

Мақсаты: Балалардың өздерінің туған жеріне деген сүйіспеншілігін ояту, өз елінің патриоты болуға, ел егемендігін сақтай білуге, елінің кірпіші болып қалануға баулу. Тәуелсіздік күні туралы мағлұмат беру.

Тәрбиелік мәні:

Өз ұлтының тарихын, әдет – ғұрпын, салт – дәстүрін білу, ұлтының намысын қорғай білетін, намысты қолдан бермейтін елінің адал ұл-қызы болу..

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, әңгімелесу, көрнекілік, мақал-мәтел

Көрнекіліктер: Президент, Астанаға байланысты суреттер, буклет

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру барысы.

Шаттық шеңбер: Әнұран
орындау.

2.Негізгі бөлім:

Көрнекілікпен жұмыс.

Тәрбиеші: Бүгін тәуелсіздікке қол жеткен егеменді елміз. Бұл бізге оңайлықпен келген жоқ. Тамыры тереңде жатқан тарихи оқиғалардың нәтижесінде қол жеткізіп отырмыз. Ата – бабаларымыздың ұрпағын, елім, жерім, отаным деп кеткен арманына қол жеткізіп отырмыз. Балалар бір сәтке назарларыңызды экранға аударсақ. (Слайд бойынша түсіндіру) (10-15 мин)

Сұрақ-жауап:

-Балалар, біздің тәуелсіз мемлекетіміз қалай аталады?

-Қ.Р. Призиденті кім?

-Қ.Р астанасы қай қала?

-Мемлекеттік рәміздерімізге нелер жатады?

Тәрбиеші: Ал балалар сендер біздің елдің рәміздерін білесіңдер ме?

Балалар: Олар ту, әнұран, елтаңба.

Тәрбиеші: Тудың түсі көгілдір, ол аспанымыз ашық болсын дегенді білдіреді. Күннің бейнесін қараңдаршы – күннің сәулелері біздің еліміздегі ұлттар саны. Біздің елімізде жүз отыз ұлт бар екен. Осы күн – 100 ді білдіреді, ал сәулелері отыз екен.

Қыранның бейнесі – еліміз әрқашан биікте самғасын, биіктен көрінсін деген. Және туымыздың жанында оюлар бар. Бұл оюлар тудың қазақ елінің туы екенін білдіреді.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Ал қазір тәуелсіздік мерекесіне арналған тақпақтарымен ортаға бүлдіршіндерімізді шақырамыз.

Енді балалар Елтаңбамызға қараңдар. Елтаңбаның ортасында не тұр?

Балалар: Шаңырақ!

Тәрбиеші: Дұрыс! Балалар шаңырақ біздің елтаңбамыздың жүрегі. Шаңырақ- үйдің,отбасының бейнесін білдіреді. Тағы да не бар?

Балалар: Ат бар!

Тәрбиеші: Дұрыс, қанатты ат бар. Атты біздің ата-әжелеріміз ер-азаматтың қанаты деген. Төбесінде жұлдыз бар. Ол – біздің еліміз әрқашанда биіктен көрінсін деген ойды білдіреді. Ал астындағы «Қазақстан» деген жазу Елтаңбаның біздің елдікі екенін білдіреді.

Елбасының суретін көрсету.

Қалай ойлайсыңдар, Елбасының міндетіне не кіреді?

Президент болуға кім лайық?

Елбасы қайда тұрады?

ҚР Елордасы қалай аталады?

Тәрбиеші: Балалар бойымызды сергіп алайық.

Біз бақытты баламыз,

Шырқап әнге саламыз.

Туыспыз біз бәріміз,

Бір Отанды сүйеміз

Тәрбиеші: Жақсы балалар, енді Отанымызға байланысты мақал-мәтелдерді тыңдайық, сосын жаттаймыз

Отанды сүю отбасынан басталады.

Отан – оттан да ыстық

Отан үшін отқа түс күймейсің

Мақал-мәтелдер не жайында айтылған?

Отан, Қазақстан Республикамыз туралы.

3.Қорытынды: Балалар біз бүгін сабақта кім туралы айттық?

Балалар: Тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаев туралы.

Тәрбиеші: Ол кім?

Балалар: Ол біздің елдің тұңғыш президенті.

Тәрбиеші: Дұрыс! Біздің еліміз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан!

Тәрбиеші: Дұрыс! Маған біздің елдің рәміздерін атап беріндерші. Олар нені

білдіреді? Жарайсыңдар, балалар! Осымен сабағымыз аяқталды. Әрқашан күн сөнбесін, аспанымыз ашық болып, заманымыз тыныш болсын, тек Қазақстан ғана емес, бүкіл әлем балаларының езуінен күлкі кетпей, әлем балаларының ұйқысы тыныш болсын.





Менчигийн Төрийн.

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені
ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы



Бекітемін:
«Дин-Асыл» бөбекжай
тәрбиешісі
К.Оразбаева

Ертеңгілік

«Қош келдің Жаңа жыл!»

Кіші «Көгершін»тобы
Тәрбиеші: Ақбаева Б



2024-2025жж

Қош келдің, Жаңа жыл!

Жүргізуші: -Армысысыздар,ардақты ата-аналар мен ұлағатты ұстаздар және бүлдіршіндер!

Жаңа жылым мол болсын,

Басқан қадам оң болсын.

Төрле төрле жаңа жыл

Бізге құтты жыл болсын.

Жүргізуші: -Жаңа жыл құтты болсын баршаңызға!-дей отырып ортамызға «Көгершін» тобының бүлдіршіндерін шақырайық.(Балалар әуенмен залға кіреді)

Жүргізуші: -Балалар мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. Бұл жұмбақты шешеміз бе?

Балалар: -Ия!

Жүргізуші: -Ақ сақалды ата бар,жылына бірақ рет келетін.
Ұл қыздарына көп сыйлық беретін.

Балалар: -Аяз ата!

Жүргізуші:-Жарайсындар балалар,олай болса Аяз атаны ортаға шақырайық.

Балалар: -Аяз ата!Аяз ата!Аяз ата!

(ортаға Аяз ата мен Қаршақыз келеді)

Аяз ата:

Амансындарма ұлдарым

Амансындарма қыздарым.

Қандай жарқын жүздерің

Қандай әсем жырларың

Асулар мен алысқан

Асау желмен жарысқан

Аталарың сендерге

Шаршап кенлді алыстан

Жүргізуші: -Амансың ба,Аяз ата !Қош келдіңіз! Аяз ата сонау орманнан шаршап тоңған боларсыз,келіңіз осында отырып жылынып балалардың өнерін тамашалаңыз.

Жүргізуші: -Олай болса «Көгершін» тобының өлең шумақтарын тыңдайық.
Дарын:

Тамаша тамаша

Шыршамыз тұр жараса

Басында әсем жұлдызы

Көз тоймайды қараса

Айбатыр:

Аспан жерге төгеді

Ақ күмісін уыстап
Жаңа жылда келеді
Бізге қарай жылыстап

Жүргізуші:

Мың бұралып билеген
Баланы кім сүймеген
Күміс көмей балаларға

Кімдер басын имеген –дей отырып «Көгершін» тобының қыздарының биін тамашалайық.

Би: «Қыздар биі»

Жүргізуші: -Ал ендігі кезекті балаларымыздың тақпақтарына кезек береміз.

Жантөре:

Даламызға қаламызға
Жаңа жыл кіріп келеді
Қартымызға баламызға
Жалынды сәлем береді

Арсен:

Аяз ата келіп тұр.
Бізге сәлем беріп тұр
Өлең айтқан балаға
Сыйлықтарын беріп тұр

Жүргізуші: -«Көгершін» тобының балдарының биіне кезек береміз.

Би: «Ұлдар биі»

Жүргізуші:

Көңілің ала таудың ақ қарындай
Мейірімі күннің шуақ ақ қарындай
Қалайша ән айтылмай тына қалам
Ән болып сағынышты ақтарамын

Жүргізуші: -Ендігі кезекті балаларымыздың тақпақтарына береміз.

Кененсары:

Аспан жерге төгеді
Ақ күмісін уыстап

Әмина:

Басында әсем жұлдызы
Көз тоймайды қараса

Нұрислам:

Аралайды бақшаны
Үзілмейді жақсы әні

Сымбат:

Гүлденеді бақшалар
Жауса жауын ақша қар

Жүргізуші:

Мың бұралып билеген
Баланы кім сүймеген
Күміс көмей балаларға

Кімдер басын имеген -дей отырып қыздарымыздың биіне кезек береміз.

Би: «Қуыршақтар»

Жүргізуші:-Жарайсындар менің сұлу қыздарым өнерлерің өрге жүзе берсін.Осымен бүгінгі жаңа жылдық ертеңгіліміз аяқталды .Назар салып тыңдағандарыңыз үшін үлкен рақмет.Жаңа жыл тағы да құтты болсын баршаңызға.



Мексеріңі. Давид.

Түркістан облысы Сарыағаш ауданы Дербісек елді мекені

ЖШС «Дин-Асыл» бөбекжай балабақшасы




Декітемін
ЖШС «Дин-Асыл» б/б
Ақбаева Б.

Ғажайып түстер

«Көгершін» тобы

Тәрбиеші: Ақбаева Б.



2024-2025

Ғажай түстер

Мақсаты: Балаларға негізгі түстерді топтастыруға үйрету: қызыл, көк, жасыл. Сары түспен таныстыру. Балалардың коммуникативтік- ақпараттық құзіреттілігін молайтып, ой- түйсігін, қиялын дамыту. Сенсорлық ойлау қабілетін дамыту.

Сөздік жұмыс: Қызыл, жасыл, көк, сары.

Дидактикалық құралдар: Түрлі- түсті себет, әр түрлі дөңгелектер.

Сәлеметсіңдер ме балалар!

-Көңіл күйлерің қалай?

Шаттық шеңбері

Табиғат –біздің анамыз,

Табиғатқа баламыз.

Иіліп сәлем береміз,

Біз әдепті баламыз.

Сұрақ-жауап.

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілінің айлары қандай?

-Табиғатта қандай ерекшеліктер болады?

Жарайсыңдар балалар. Көктем туралы тақпақ білемізбе?

Баланың оқу-қызметіне кірісуіне түрткі болу:

Түстерді қайталау.(мультимедиа арқылы) Сары түспен таныстыру.

-Балалар бұл ненің суреті?

Дұрыс айтасыңдар күн. Күннің түсі қандай?

Топқа әсем әуеннің ырғағымен түстер әлемінің еркесі Еркетай кіреді.

-Сәлеметсіздер ме, балақайлар!

Мен түстер әлемінен келдім! Мен түстер әлемінің еркесімін. Менің атым-Еркетай.

Мен сендерге көптеген тапсырмалар алып келдім.

Олай болса Еркетайдың тапсырмаларын орындайық.

1 тапсырма: «түстерді топтастыру»

Шарты: түрлі түсті шариктерді себетке салу. Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту.

Бала бала балақан

Қане қайсы алақан

Саусақтары әйбат


Былай – былай ойнат.

-Балалар Еркетай бізге тағы бір дидактикалық ойын ала келіпті.

Шарты: Әр түсті дөңгелектерді түстеріне сәйкес ұйашықтарға орналастыру.

Еркетай: Балалар сендер сондай ақылды екенсіңдер. Тапсырмалар мен ойындарды жақсы орындадыңдар. Ал енді мен түстер әлеміне кететін уақытым болды. Сау болыңдар.

Қорытынды. Жеке жұмыс.







Мәсғүпғи; Бауерк.